

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР

1. Мәтін көлемі А4 форматында 4-8 бетке дейін, WORD редакторында Times New Roman шрифтімен (шрифт өлшемі – 11), жиектері: (зеркальное) ішкі – 6 см, сыртқы – 2 см, жоғарыдан – 3 см, төменнен – 8 см, азат жол – 1 см, жоларалық қашықтық – 1, ені бойынша түзетіліп жазылуы тиіс.

2. Әдебиеттерге жасалған сілтемелер тік жақшамен [1, 15 б.] көрсетіледі.

3. Математикалық формулалар Microsoft Equation (әр формула – бір объект) бойынша теріледі. Сілтемесі бар формулалар ғана нөмірленеді.

4. Мақала мазмұнындағы мәліметтердің нақтылығы мен шынайылығына авторлардың (3-тен көп емес) өздері жауап береді.

5. Редакция мақаланы өңдеумен айналыспайды. Қолжазба мен дисктер қайтарылмайды. Талапқа сәйкес рәсімделмеген мақалалар қабылданбайды.

6. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалалары ғылым докторы немесе ғылым кандидаттарының рецензиясымен қабылданады.

7. «ОҚМПИ Хабаршысына» мақала жариялау төлемақысы - 3 000 (үш мың) теңге.

8. Мақала қолжазбасын (қағаз түрінде, электрон түрінде және төлем түбіртегінің түпнұсқасымен қоса) мына мекенжайға жіберуге болады: 160012, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 13, 113 «А» каб., тел. 87056870950; 87023164227; e-mail: yukgpi_khabarshy@mail.ru

МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. ӘОЖ (УДК) сол жақтағы жоғары бұрышта 10 шрифтімен жазылады.

2. Мақала аты бас әріптермен қалың 11 шрифтпен ортаға жазылады.

3. Одан төмен 1 жол қалдырылып, авторлардың аты-жөні қалың курсивпен бас әріптермен 11 шрифтімен беріледі.

4. Бұдан соң 1 жол қалдырылып, мақала жазылған тілде қысқаша аңдатпа (аннотация – 2-3 сөйлем) мен кілт сөздер (ключевые слова – 5-10 сөз) курсивпен 10 шрифтімен беріледі.

5. Мақаланың мәтіндік бөлігі 11 шрифтімен жазылуы тиіс.

6. Пайдаланған әдебиеттер тізімі 10 шрифтімен міндетті түрде талапқа сай жазылады: мысалы, *1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 235 б.*

7. Бұдан соң қазақ тіліндегі мақалалар үшін авторлардың аты-жөні (бас әріптермен, курсивпен, 11 шрифтімен) мен мақаланың атауы (бас әріптермен, 11 шрифтімен), 1 жол тастап **аннотация** (3-5 сөйлем), одан төмен **ключевые слова** (5-10 сөз) орыс тілінде беріледі. Орыс тілінде жазылған мақалалар үшін авторлардың аты-жөні мен мақаланың атауы (бас әріптермен), 1 жол тастап **аңдатпа** (3-5 сөйлем), одан төмен **кілт сөздер** (5-10 сөз) қазақ тілінде беріледі. Бұдан кейін екі тілде жазылған мақалалар үшін де ағылшын тілінде **abstract** (3-5 сөйлем) және **keywords** (5-10 сөз) жазылуы тиіс. Аннотация, кілт сөздер 10 шрифтімен, курсивпен жазылуы тиіс.

Ағылшын тілінде берілген мақалалар үшін авторлардың аты-жөні (бас әріптермен, курсивпен, 11 шрифтімен), мақаланың атауы (бас әріптермен, 11 шрифтімен), 1 жол тастап, **аңдатпа (аннотация)** (3-5 сөйлем), одан төмен **кілт сөздер (ключевые слова)** (5-10 сөз) алдымен қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде беріледі.

Бөлек бетте

Қағаз және электронды түрде автор жөнінде мәліметтер беріледі: - мақаланың аты, автордың аты-жөні толығымен, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, жұмыс орны қазақ, орыс және ағылшын тілінде («Біздің авторлар» және «Мазмұны» бөліміне жариялау үшін).